



ЖАҢА ҒИМАРАТ ЖЫРЫ

6 БЕТ



ТҰРАДАН АЛЫП, ШЕРХАНҒА БЕРДІ

7 БЕТ



АТЫРАУ – ЧЕМПИОН

8 БЕТ

СЕЙСЕНБІ
№55 (4107)
19.04.2022

AIQYUN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ



www.aikyn.kz

e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti



28 МИЛЛИОН АҚШ ДОЛЛАРЫ БҰҒАТТАЛҒАН



Қасым-Жомарт Тоқаев Жанат Элимановқа қылмыстық істерді тергеу кезінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Мемлекет басшысы Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановты қабылдады. Президентке Қаржылық мониторинг агенттігінің биылғы бірінші тоқсанда атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы баяндалды. Атап айтқанда, 552 қылмыстық іс қозғалған. Олардың жартысынан көбі – ауыр және аса ауыр қылмыстар. Ұйымдасқан қылмыстық топ құру фактісі бойынша 14 іске қатысты сотқа дейінгі тергеу амалы басталған. Мемлекетке 62 миллиард тенге көлемінде шығын келтірілген.

Жанат Элимановтың айтуынша, 2021-2023 жылдарға арналған Кешенді жоспар аясында көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендету үшін жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Келен саласында 34 қылмыстық іс қозғалды. Декларацияға енгізілмеген тауарлардың жалпы құны 10 миллиард теңгеден асады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуға бөлінген 20,5 миллиард тенге қаржыны жымқыру фактісіне қатысты қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізіліп жатқаны туралы мәлімет берілді.

Агенттік төрағасының айтуынша, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше көңіл бөлінеді. «Тариф» жобасы аясында коммуналдық қызметтер саласындағы тарифтердің негізсіз өсуі дерек-

терін анықтау және монополиялардан арылту жұмыстары жалғасып жатыр.

Маңғыстау облысында сұйылтылған газды сату кезіндегі алып-сату белгілері бойынша Энергетика министрлігінің, облыс әкімдігінің лауазымды тұлғаларына және электронды сауда алаңдарына қатысты іс тергеп-тексерілуде.

Президенттің тапсырмасы аясында қаржыны Қазақстаннан тыс жерлерге заңсыз жылыстатуға қарсы жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде 7 қылмыстық іс тергеліп жатыр және 28 миллион АҚШ доллары бұғатталған.

Мемлекет басшысы Агенттіктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және көлеңкелі экономиканың деңгейін төмендетуге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыстарының маңызды екенін ерекше атап өтіп, Жанат Элимановқа бизнеске қатысты жүргізіліп жатқан барлық қылмыстық істі тергеп-тексеру кезінде заңдылықтың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды. Президенттің пікірінше, құқық қорғау және бақылаушы органдар кәсіпкерлердің өтініштеріне жедел назар аударуға және олардың құқығын шектемеуге тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаев шағын және орта бизнеске мемлекет тарапынан ерекше қолдау қажет екенін айтты және бұл жерде Қаржылық мониторинг агенттігі маңызды рөл атқарады деп санайды. Құқық қорғау және бақылаушы органдардың ортақ міндеті – экономикамыздың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін елімізде қолайлы бизнес-орта қалыптастыруға атсалысу.

ЭКОНОМИКАНЫ МОНОПОЛИЯДАН АРЫЛТУ КЕРЕК



Мемлекет басшысына Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстан экономикасын монополиядан арылту жөніндегі реформалар аясында Агенттікке берілген тапсырмалардың орындалуы туралы баяндалды.

С.Жұманғариннің айтуынша, прокуратура органдары мен Агенттік сұйылтылған мұнай газын көтерме саудада сататындардың қызметіне жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша 5,5 миллиард тенге қаржыға қатысты заңбұзушылықтарды анықтаған. Автомобиль газын бөлшек саудаға шығаратын 193 сатушы мекемеге салынған айыппұл көлемі 103 миллион теңгені құрады. Агенттіктің ұсынысы бойынша Энергетика министрлігінің сұйылтылған мұнай газын, бағаның 10 пайыздық шегін 3 пайызға дейін түсіруді қоса алғанда, электронды сауда алаңдары арқылы ұйымдастыру және сату тәртібіне өзгерістер енгізілді.

Қазір Eurotransit Nur Zholy, «Қазфосфат», «Қазакмыс» корпорациясы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне және «Каскор-Транссервис» акционерлік қоғамына қатысты тергеу амалдары жүргізілуде. «КТЖ» ҰК», «Қазактеле-

ком», «Аймақ» ҚТА», «Транстелеком» сияқты акционерлік қоғамдарда, сондай-ақ азық-түлік тауарларын сататын сауда орындарын жалға беру қызметтеріне қатысты сауда нарықтарында монополияға қарсы заңнаманың бұзылу белгілерін анықтау үшін талдау жүргізілуде.

Президенттің монополиялық топтарға кешенді талдау жүргізу жөніндегі тапсырмаларын орындау үшін Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы мұнай және мұнай өнімдері, табиғи газ, электр энергиясы нарықтарын, темір-жол көлігі, азаматтық авиация қызметтері, қоғамдық көлік, телекоммуникациялар, қаржы нарықтарын монополиядан арылту жөнінде ұсыныс берді. С.Жұманғарин негізгі тауар нарықтарын монополиядан арылтуға және бизнес үшін қолайлы бәсекелестік орта қалыптастыруға бағытталған Бәсекелестікті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын әзірлеу барысы жөнінде де баяндалды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның болашағы үшін бәсекелестікті дамытудың маңызы зор екенін атап өтіп, экономиканың маңызды салаларын монополиядан арылту жөніндегі жүйелі шараларды іске асыру жұмыстарын жалғастыруды және олардың сапалы орындалуына бақылауды қамтамасыз етуді тапсырды.



ТІЛІН ТАПСАҚ, ТУРИЗМНЕН ПАЙДА КӨП

Дүниежүзілік туристік ұйым 2021 жылды «туризм тарихындағы ең ірі күйзеліс жылы» деп атады. Өйткені халықаралық туризм 85%-ға құлдырап, 460 миллион туристке азайған. Ал пандемия салдарынан отандық туризм миллиардтаған шығынға батты.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев отандық туризмді дамыту және салада болған тың өзгерістер жайында баяндаған. Оның айтуынша, бүгінде бұл бағыт белсенді түрде жанданып, тамырына қан жүргірген. Мәселен, шетелдік туристердің орналасуын есепке алуға мүмкіндік беретін Е-Қонақ бағдарламасын іске қосу ұтымды шешімдердің бірі болды. Жаңа жүйе елге келген саяхатшылардың нақты санын біліп, шынайы дерек құруға жол ашты. Министр елдегі бизнестің инвестициялық белсенділігі қарқынды түрде өсіп келетінін айтады. Тек соңғы 3 жылда ғана Қазақстанның 10 өңірінде 270-тен астам жаңа жоба іске қосылды. Ел аумағында инвесторлар құйған қаржыға әлемге танымал қонақүйлер мен заманауи ғимараттар көптеп бой түзеуде. Осылайша, өзімізде Rixos Turkistan, Hampton by Hilton қонақүйлері, Tetysblu паркі, Түркістандағы «Керуен-Сарай» кешені сияқты сауық құру нысандары пайда болды.

(Жалғасы 7-бетте)

«АМАНАТ»:

өңірлердегі кездесулер шығыста жалғасты



Шығыс Қазақстан облысында «АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Асхат Оралов тұрғындармен, зиялы қауым өкілдерімен, партия белсенділерімен және жастармен бірқатар кездесу өткізіп, «Жаңа Қазақстанды» құру міндеттеріне сәйкес Жолдауды іске асыру және партияны жаңғырту мәселелерін талқылады. Сонымен қатар Атқарушы хатшы «Ардагерлерді ардақтайық!» және «Кедергісіз келешек» партиялық жобалары аясында өткен іс-шараларға қатысты.

Абайдың «Жидебай-Берілі» қорық-мұражайында партияның Атқарушы хатшысы Абай ауданының ақсақалдарымен жүздесті.

3 >>

МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ КӨЗ ТІККЕН КІМ?

Түркістандағы «Туристерге қызмет көрсету орталығы», яғни «Визит Центрдің» басына қара бұлт үйіріліп тұр. Себебі ол сенімгерлік басқаруға берілген. Орталықтың 31 қызметкеріне ғимаратты босатуды талап еткен. 7 >>



ҰСТАЗДАРҒА ДА ҰБТ «ҰЛЫ» СЫН

Қазақстанның мұғалімдері қиын сынақтан өтіп жатыр. Жүйке жұқарып, тән шаршайтын шақ. Алматыдағы Көлік және логистика академиясында Ұлттық біліктілік тестін (ҰБТ) тапсыру кезінде педагог қайтыс болды. Сынақтан өту барысында ер адамның жағдайы нашарлап, жедел жәрдем жеткенше жәнтәсілім етті.

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ 2025 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ АҚМОЛА, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ӨЗ СЕПТІГІН ТИГІЗІП КЕЛЕДІ. ПАРТИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘНГЕ ИЕ ҚҰЖАТЫ АЯСЫНДА ӨҢІРДЕГІ ЖЕКЕЛЕГЕН САЛАЛАР БОЙЫНША ЖОҒАРЫ ИНДИКАТОРЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛГЕН. МҰНЫ ЖЫЛ БАСЫНДА ПАРТИЯНЫҢ АҚМОЛА, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДАРЫ ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТТЕРГЕ КӨЗ ЖҮГІРТЕ ОТЫРЫП-АҚ АҢҒАРУҒА БОЛАДЫ.



«АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы бойынша мәліметтер

Соңғы бір айда партияның қоғамдық қабылдауларына тұрғындардан

405 | өтініш түсті.

Бір ай ішінде қоғамдық қабылдауларға түскен

195 | өтініш қанағаттандырылды.

АҚТӨБЕ
ОБЛЫСЫ

БІЛІМ: ТӘЖІРИБЕДЕН САПАҒА КӨШЕМІЗ

Ауыл мектептерінің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілді.

85 | Соңғы айда өңірде бала балабақшаға бару мүмкіндігіне ие болды.

ТИІМДІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

Соңғы бір ай ішінде облыста әкімдер өткізген халыққа есеп беру кездесу жиыны рет ұйымдастырылды.

493 | Бір ай ішінде өңірде рет азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды.

БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

Облыста соңғы бір ай ішінде нысан ерекше қажеттілігі бар адамдардың икеміне қарай бейімделді.

24 | Облыстағы мүгедектер арбасымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдардың үлесі пайызға тең.

69 | Соңғы бір ай ішінде облыста ерекше қажеттілігі бар адам жұмыспен қамтылды.

809 | Соңғы бір ай ішінде өңірде кәсіпорындар мен ұйымдарда ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін квота арқылы жұмыс орны ашылды.

ӘУЕЛІ ЭКОНОМИКА

24,2 | 2022 жылдың қаңтар айында облысқа жалпы көлемі миллиард теңге болатын инвестиция тартылды. (шетелдік инвестицияны қоса алғанда)

47 | Соңғы бір ай ішінде өңірде кәсіпкерлер құқығының бұзылуының дерегі тіркелді.

КӘСІПКЕРЛІКKE КЕҢ ӨРІС

67,2 | Облыста мың шағын және орта бизнес нысаны тіркелген.

1,4 | Мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнес субъектілеріне жалпы көлемі миллиард теңге болатын несие берілген.

2 638 | Биылғы жылдың 1 наурызында облыста адам жұмыспен қамтылды.

ҚАЛАНЫ ЖАЙЛЫ ЕТЕМІЗ

128,6 | Өңірдегі қаңтар-ақпан айларында жалпы көлемі мың шаршы метр болатын баспана пайдалануға берілді.

АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

92,2 | Облыстағы ауылдардың пайызы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілген.

74,4 | Өңірдегі елді мекендердің көгілдір отынмен қамтамасыз етілу деңгейі пайызды құрайды.

73,9 | Өңірдегі елді мекендердің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген.



«АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы бойынша мәліметтер

Соңғы бір айда партияның қоғамдық қабылдауларына тұрғындардан

890 | өтініш түсті.

Бір ай ішінде қоғамдық қабылдауларға түскен

471 | өтініш қанағаттандырылды.

АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ

БІЛІМ: ТӘЖІРИБЕДЕН САПАҒА КӨШЕМІЗ

Соңғы айда облыс мектептерінде мұғалім жұмысқа қабылданды.

31 | Ауыл мектептерінің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілді.

1 263 | Соңғы айда өңірде бала балабақшаға бару мүмкіндігіне ие болды.

БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

53,4 | Облыстағы мүгедектер арбасымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдардың үлесі пайызға тең.

51,7 | Тыңдау аппараттарымен, өзге де техникалармен және оңалту жабдықтарымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдар үлесі пайызға тең.

85 | Соңғы бір ай ішінде облыста ерекше қажеттілігі бар адам жұмыспен қамтылды.

ЗАҢНЫҢ ҮСТЕМДІГІ, ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҮШІН

1 ай ішінде облыста **474** | қылмыс тіркелді

1 ай ішінде облыстағы ашылған қылмыстардың үлесі **52,2** | пайызға тең

Соңғы бір айда өңірде құқықбұзушылық үшін **14 369** | әкімшілік айыппұл салынды.

Айыппұл сомасы **168,7** | миллион теңгеге тең.

ТИІМДІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

238 | Соңғы бір ай ішінде облыста әкімдер өткізген халыққа есеп беру кездесу жиыны рет ұйымдастырылды.

302 | Бір ай ішінде өңірде рет азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды.

ӘУЕЛІ ЭКОНОМИКА

39,5 | 2022 жылдың қаңтар айында облысқа жалпы көлемі миллиард теңге болатын инвестиция тартылды. (шетелдік инвестицияны қоса алғанда).

23 | Соңғы бір ай ішінде өңірде кәсіпкерлер құқығы бұзылуының дерегі тіркелді.

КӘСІПКЕРЛІКKE КЕҢ ӨРІС

643 | 2022 жылдың қаңтар айында өңірде бизнес құрылым ашылды.

13 | 1 ай ішінде кәсіпкерлерге грант берілген.

90,3 | Соңғы бір ай ішінде кәсіпкерлерге жалпы сомасы миллион теңге болатын несие берілді.

358 | Мемлекеттік бағдарламалар аясында адам жұмыспен қамтылды.

ҚАЛАНЫ ЖАЙЛЫ ЕТЕМІЗ

97 989 | Өңірдегі соңғы бір ай ішінде жалпы көлемі шаршы метр болатын баспана пайдалануға берілді.

АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

89,3 | Облыстағы ауылдардың пайызы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілген.

47,4 | Өңірдегі елді мекендердің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген.



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ӨНІРЛЕРДЕГІ ЕҢ ӨЗЕКТІ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. СӘЙКЕСІНШЕ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРДЕГІ САПАЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ, БІЛІМ БЕРУ, ЭКОНОМИКА МЕН БИЗНЕС ИНЖЕНЕРЛІК-ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ СИЯҚТЫ ТҮЙТКІЛДЕР ПАРТИЯНЫҢ АТСАЛЫСУЫМЕН 20025 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ТОЛЫҚТАЙ ШЕШІЛЕДІ. ПАРТИЯНЫҢ АЛМАТЫ, АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛДАРЫ ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТТЕРДЕН БҰЛ БАҒЫТТА ЖҰМЫСТЫҢ ҚАЗІР ДЕ ӨЗ АРНАСЫНА ТҮСКЕНІН БАЙҚАУ ҚИЫН ЕМЕС.



AMANAT

«АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы бойынша мәліметтер

Қаңтар-ақпан айларында партияның жергілікті филиалдарының қоғамдық қабылдауларына тұрғындардан

292 | өтініш түсті.

Қоғамдық қабылдауларға түскен **72** | өтініш қанағаттандырылды.

AMANAT

«АМАНАТ» партиясының облыстық филиалы бойынша мәліметтер

Қаңтар-ақпан айларында партияның жергілікті филиалдарының қоғамдық қабылдауларына тұрғындардан

1 275 | өтініш түсті.

Қоғамдық қабылдауларға түскен **712** | өтініш қанағаттандырылды.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БІЛІМ: ТӘЖІРИБЕДЕН САПАҒА КӨШЕМІЗ

94,4 | Ауыл мектептерінің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілді.
1 292 | Соңғы айда өңірде бала балабақшаға бару мүмкіндігіне ие болды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ САПАЛЫ ЕТУ ҮШІН

46 | Соңғы бір айда облыстағы медициналық мекемелерге медициналық маман жұмысқа қабылданды.
5 540 | Бір ай ішінде облыс тұрғыны коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алды.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ САПАЛЫ ЕТУ ҮШІН

274 | Қаңтар-ақпан айларында облыстағы медициналық мекемелерге медициналық маман жұмысқа қабылданды.
84 | Облыс тұрғындарының пайызы коронавирус инфекциясына қарсы вакцина алды.

БӘРІ ДЕ ЖАСТАРҒА

42 | Соңғы бір ай ішінде облыста жас баспана алды.
100 | «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы шеңберінде биыл облыста жас маманға көтерме жәрдемақы алады.
10 | «Бизнестің Жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында жас кәсіпкер қайтарымсыз грант алмақ.

БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

15,9 | Облыстағы мүгедектер арбасымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдардың үлесі пайызға тең.
27,1 | Тыңдау аппараттарымен, өзге де техникалармен және оңалту жабдықтарымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдар үлесі пайызға тең.
70 | Облыста бір ай ішінде ерекше қажеттілігі бар адам жұмыспен қамтылды.

БІЛІМ: ТӘЖІРИБЕДЕН САПАҒА КӨШЕМІЗ

83,3 | Ауыл мектептерінің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілді.
6862 | Соңғы айда өңірде бала балабақшаға бару мүмкіндігіне ие болды.
195 | Облыста соңғы бір айда мұғалім жұмысқа қабылданды.

БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК

48 | Облыстағы мүгедектер арбасымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдардың үлесі пайызға тең.
62,3 | Тыңдау аппараттарымен, өзге де техникалармен және оңалту жабдықтарымен қамтамасыз етілген ерекше қажеттілігі бар адамдар үлесі пайызға тең.
227 | Қаңтар-ақпан айларында облыста ерекше қажеттілігі бар адам жұмыспен қамтылды.
25 | Жыл басынан бері өңірде кәсіпорындар мен ұйымдарда ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін квота арқылы жұмыс орны ашылды.

ТИІМДІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

747 | Соңғы бір ай ішінде облыста әкімдер өткізген халыққа есеп беру кездесу жиыны рет ұйымдастырылды.
33 | Бір ай ішінде өңірде рет азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды.

ТИІМДІ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

69 | Соңғы бір ай ішінде облыста әкімдер өткізген халыққа есеп беру кездесу жиыны рет ұйымдастырылды.
98 | Бір ай ішінде өңірде рет азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды.

ӘУЕЛІ ЭКОНОМИКА

210,7 | 2022 жылдың қаңтар айында облысқа жалпы көлемі миллиард теңге болатын инвестиция тартылды (шетелдік инвестицияны қоса алғанда).

ӘУЕЛІ ЭКОНОМИКА

14,7 | 2022 жылдың қаңтар айында облысқа жалпы көлемі миллиард теңге болатын инвестиция тартылды. (шетелдік инвестицияны қоса алғанда).

АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

99 | Облыстағы ауылдардың пайызы сапалы ауыз-сумен қамтамасыз етілген.
99,4 | Өңірдегі елді мекендердің көгілдір отынмен қамтамасыз етілу деңгейі пайызды құрайды.

КӘСІПКЕРЛІК КЕҢ ӨРІС

321 | Соңғы бір айда облыста бизнес құрылым ашылды.
18 | 1 ай ішінде кәсіпкерлерге грант берілген.
1 384 | Мемлекеттік бағдарламалар аясында адам жұмыспен қамтылды.

КӘСІПКЕРЛІК КЕҢ ӨРІС

26 461 | Облыста қаңтар-ақпан айларында шағын және орта бизнес нысаны тіркелген.
26,9 | Соңғы бір айда мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын және орта бизнес субъектілеріне жалпы көлемі миллион теңге болатын несие берілген.
6 182 | Облыста қаңтар-ақпан айларында адам жұмыспен қамтылды.

АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРАДЫ

5 | Облыстағы ауылдардың жолдарын жөндеуге миллиард теңге қаржы қарастырылған.
95,7 | Өңірдегі елді мекендердің пайызы жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз етілген.

ҚАЛАНЫ ЖАЙЛЫ ЕТЕМІЗ

8 | Өңірдегі қалаларда бір ай ішінде әлеуметтік нысан салынды.
8905 | Облыста соңғы бір айда жалпы көлемі шаршы метр болатын баспана пайдалануға берілді.

